

Түркістан облысы
Қазығұрт ауданы
Аудандық білім бөліміне қарасты
«Алтын сақа» бобекжай балабақшасы» МКҚК

Ашық ұйымдастырылған оқу қызметі

**8 наурыз Халықаралық
аналар мерекесі**

Тақырыбы: «Ана – гүл, ана - жыр, ана - өмір шуағы»



Тәрбиешілер:
М.Маханбетова
Б.айдарханова

2022 оқу жылы

«Ана – гүл, ана - жыр, ана - өмір шуағы»

Максаты: Балаларға 8 - наурыз халықаралық мейрамы екенін ұғындыра отырып, аналарын ешқашан ренжітпеуге, қолғанат болуға, әрқашан құрметтей білуге тәрбиелеу.

Жүргізуші: Қымбатты балалар, сүйікті апалар, құрметті әріптестер!

Бүгін біз көктемнің алғашқы мерекесі күні әсем залға 8 - наурыз аналар мерекесін тойлауға жиналып отырмыз. Мерекелеріңіз құтты болсын!

Бала, бала, бала деп,

Түнде шошып оянған

Түн ұйқысын төрт бөліп,

Түнде бесік таянған.

Қаймақты сүттей қалқытқан

Суық болса жөргегі

Қорғасындай балқытқан

Айналасына ас қойып,

Өзенді көлдей шалқытқан.

Қолын қатты тигізбей,

Иісін жұпар аңқытқан

Бұл кім?

Балалар: Ана, ана, ана!

Жүргізуші: Құрметті апалар, қадамдарыңа гүл бітсін, сіздерге арналған мерекемізді бастаймыз.

Бүгін наурыздың 8 - і

Сұлулықтың негізі

Әдемі сөз адамның

Анаға айтар лебізі.

Такпактар:

Мадина: Таң қалғандай ғалам

Кім сұлу адам

Алтынай: Анам менің сүйіктім

Тек өзіне табынам.

Батырхан: Анаң болса қасында

Басқа бақыт не керек?

Алпамыс: Мен анамды сүйемін

Құшағына енемін.

Нұрахмет: «Боташым» дер саған

Кім сүйікті адам

Ол - менің анам.

Құралай: Құтты болсын, анашым,

Құтты болсын мерекең!

Сара: Анам менің «Күнім» дейді

Мен қуансам күлімдейді.

Айлин: Ақ анашым, аппағым,

Өзің жайлы такпағым,

Өзің жайлы әнім де,

Ариадым саған бәрін де.

Абдурахман: Анам менің «Айым»дейді

Мен мұнайсам «уайым» жейді.

Би: «Қамшы» биі.



Жүргізуші: Бүгінгі мереке күні әжелерімізді де мерекелеріңізбен құттықтаймыз. «Қариясы бар үйдің, қазынасы бар» деп бекер айтылмаған. Келесі құттықтауларымыз сіздерге арналады

Тақпақтар:

Өркен: Мені жақсы көреді,
Күндей күліп жүреді,
Көп ертегі біледі,
Маған айтып береді.

Ердаулет: Әлпештеген аялаған
Ақ сүт берген апатайым.
Сәлем жазып бүгін саған,
Мейрамын мен құттықтаймын.
Айғаным: Менің әжем мейірбан,
Мені жақсы көреді.

Қажетіне жарасам,
Жас балаша күледі.

Ақбаян: Әр сөзімді жаттаған,
Жүрегімде сақтаған,
Анашым деп мақтанам,
Айналайын ақ мамам.

Айару: Ақ қабақты анашым,
Күн сәулелі анашым.
Әлпештеген баласын,
Айналайын анашым.

Рамазан: Әже деген көп шығар,
Әжемдей жок шығар.
Мейірімді бұл кісі,
Қандай ғажап күлкісі.

Айсұлтан: Менің әжем жыр әжем,
Шуағы мол, нұр әжем.

Ойын: «Кім тез гүл тереді?»
Есік қағылып көк көйлек киген Ару көктем кіріп келеді.

Ару көктем:

Мен көңілді көктеммін,
Былтыр келіп кеткенмін.
Көзін ашып бұлақтың,
Түбіне тал екенмін.

Гүл боп қырда егілем,
Дән боп жерге себілем.
Жанбыр болып жауам да,
Нұр боп көктем төгілем.

Шуағын төгіп әлемге.

Жылуын күннің әкелем.

Табиғаттың төсіне тіршілігін сыйлаймын.

Жүргізуші. Амансын ба, Ару көктем? Ұлан - байтақ жерімізге қош келдіңіз. Шуағыңды шаттандырып, нұрыңды мол төгебер.

Көктем: Мынау менің құшағым толы қыр гүлін, гүлдей жайнаған қыздарға сыйлағым келіп отыр. - деп гүлдерді таратады. Осы гүлдей, құлпыра беріңдер, аяулы аналар, әжелер, мерекелеріңіз құтты болсын!

Жүргізуші: Ал, Ару көктем біздің балаларымыздың өзіне арналған өлеңдерін қабыл ал.


Тақпақтар:

Айсұлтан: О, Алақай балалар

Шақырады далалар

Көктем келді гүл алып
Құстар келді жыр алып.
Арай: Келді көктем күнің,
Күлімдейді гүлің - Алтын ойлы Анам,

Мерекеңіз бүгін!
С.Ердаулет: Біз доспыз гүлдермен,
Текке оны жұлмаймыз
Той күні бір - бірден
Аналарға сыйлаймыз.
Би: «Флэшмоб»



Жүргізуші: Ананың әрбір сөзі жылылыққа толы. Ананың көз нұры, мейірімі тастай мұзды да жібітеді. Сүйікті аналар, сіздерге деген балаларымыздың жылы лебіздерін қабыл алыңыздар. Музыка шығады:

Тәрбиеші: Балалар бүгін біздің мерекеге тағы бір қонақ келе жатқан сияқты.

Көңілді музыка ырғағымен Сайқымазақ кіріп келеді.

Сайқымазақ: Жан - жағыма қарасам,

Қонақтар өте көп екен.

Ұлдар да көп, қыздар да көп

Апайларда мұнда көп

Мен сайқымазақпын,

Ақылыма көркім сай.

Ұнаймын жұрттың бәріне

Үлкенге де, кішіге.

Келіп қалдым мен бүгін,

Құттықтауға сіздерді.


Аналарды, қыздарды

Сүйікті әжелерді.

Тәрбиеші: Рахмет, саған Сайқымазақ!

Сайқымазақ: Мен билегенді жақсы көремін. Кім менімен билейді?

(Балаларды билету) Би: «Қолшатыр»



Ата - аналарға құттықтау сөз кезегін беру

Тәрбиеші: Сүйкімді ғой балалар

Өнерлі ғой баршасы

Міне, осындай қойылым

Көрсетті «Алтын сақа» бақшасы.

Құрметті аналар мен әжелер!

Сіздерді «Балапан» тобының бүлдіршіндері атынан шын жүректен құттықтаймыз.

Аяулы аналарымыз, ардақты әжелеріміз, сүйкімді балаларымыз әрқашан аман болсын!